

**БЖБ және ТЖБ құрастырудың тиімді әдістері:
бағалау критерийлері мен дескрипторларды дұрыс құрастыру**

(жас мамандарға тәлімгерлік тәжірибе алмасу семинары)

Тәлімгерлер: педагог-зерттеуші, Дүйсенбекова С.Ш, Қуанбаев С.Д.

Ұйымдастырушы:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Л.К Бердакова

Уақыты: Қараша айы

Тақырып: БЖБ және ТЖБ құрастырудың тиімді әдістері: бағалау критерийлері мен дескрипторларды дұрыс құрастыру;

Мақсаты: Жас мұғалімдердің БЖБ және ТЖБ құрастыру дағдыларын дамыту; оқу мақсаттарына сай бағалау критерийлері мен дескрипторларды дұрыс құрастыруды үйрету; бағалаудың әділ әрі тиімді жүйесін қалыптастыруға бағыттау;

Күтілетін нәтиже:

Формативті бағалау, БЖБ, ТЖБ айырмашылықтарын нақты ажырата алады;

Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін құрастырады;

Дескрипторларды оқушы әрекетіне бағыттап жаза алады;

БЖБ мен ТЖБ-ны нормативтік талаптарға сай жоспарлай алады.

Ұйымдастыру кезеңі

Коучингтің тақырыбы, мақсаты және күтілетін нәтижелерін таныстыру

Қатысушыларды топқа бөлу

Сұрақ: «Бағалау оқушы үшін не береді?»

(Қатысушылар өз ойларын топ ішінде талқылайды)

Теориялық бағыттау

Формативті бағалау, БЖБ, ТЖБ туралы қысқаша түсіндірме

БЖБ мен ТЖБ-ға қойылатын негізгі талаптарды нақтылау

Бағалау критерийі мен дескриптор арасындағы байланысты түсіндіру

Әдіс: сұрақ-жауап

Жұптық жұмыс «Оқу мақсатынан – бағалау критерийіне»

Әр жұпқа бір оқу мақсаты беріледі

Жұппен талқылай отырып, бағалау критерийін құрастырады

Топтық жұмыс

«БЖБ/ТЖБ құрастыру тәжірибесі»

Әр топ: бір бөлімге арналған **БЖБ** немесе

бір тоқсанға арналған **ТЖБ** құрастырады

1. Тапсырма түрі
2. Бағалау критерийлері
3. Дескрипторлар
4. Балл қою жүйесі

ҚОРЫТЫНДЫ: семинар барысында жас мамандар бағалаудың жаңартылған мазмұндағы талаптарын терең түсініп, теорияны тәжірибемен ұштастыру мүмкіндігіне ие болды.

оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін дұрыс құрастыруды меңгерді;

БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын нормативтік талаптарға сай жоспарлау жолдарын түсінді;

жұптық және топтық жұмыс барысында өзара тәжірибе алмасып, кәсіби пікір білдіру дағдыларын дамытты;

Түсініктеме

- №1. Формативті бағалау
Формативті бағалау – оқушының сыныптағы күнделікті оқу үлгерімін, сабаққа қатысуы мен үй тапсырмасын орындауын бағалау көрсеткіші. Мұғалім оқушының үй жұмысын, сабаққа қатысуын жазбаша (дәптерлерде немесе күнделіктерде/электронды журналдарда) не ауызша бағалайды.
- №2. Жиынтық бағалау Жиынтық бағалау – тоқсанды, оқу жылын, сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі. Жиынтық бағалаудың екі түрі бар: БЖБ – бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау; ТЖБ – тоқсандық жиынтық бағалау
- №3. БЖБ Бір тоқсанда бірнеше бөлім бар. Әр бөлім бойынша оқушының білімі мен біліктілігін тексеру үшін БЖБ алынады. Ол бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу түрінде болуы мүмкін. БЖБ қандай форматта болатынын және тапсыру уақытын педагог өзі шешеді. БЖБ үшін максималды балл: 5-11 сыныптарда: кемінде – 7 балл, ең көп дегенде – 15 балл. Оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болса, БЖБ тоқсанына екі реттен артық болмайды. Ал қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады. БЖБ бір тоқсанда үш реттен артық өткізілмейді. Бір тоқсанда төрт және одан да көп бөлімдер мен ортақ тақырыптар өтсе, олар біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.
- ТЖБ әр тоқсан аяғында алынады, бірақ тоқсанның соңғы күні өткізілмейді. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. Бір пәннен БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді. ТЖБ алынған күні баға қойылмайды.

Join this Session via

Session code:

AFC9KB

QR code:



https://www.instagram.com/reel/DRmHnk6Cs_j/?utm_source=ig_web_copy_link

